

Түркістан облысы Келес ауданы
№33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебі

2023-2024 оқу жылының оқу-тәрбие бойынша атқарылған жұмыстар есебі

Қазақстан ауылс

№33 "Жуантөбе" жалпы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі.

Қазіргі таңда мектепке турникет орнату жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ мектептер қосымша бейнебақылау камераларымен жабдықталды.

Биылғы жыл жаңалығы бастауыш сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 1-4 сыныпта оқитын 370 бала, әлеуметтік жағдайына қарай жалпы 27 бала бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Мектебімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Мұғалімдер 2023 жылы оқушылардың ғылыми-жаратылыстану және оқу сауаттылығын, сындарлы ойлауын дамыту, креативті ойлауын дамыту бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында» – 24 мұғалім;

«Назарбаев Зияткерлік мектептер» Педагогикалық шеберлік орталығының базасында – 2 ден аса мұғалім өз біліктіліктерін арттырды.

Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, олардың кәсіби және әдістемелік дайындығына байланысты, аудандық әдістемелік кабинеті тарапынан оқу ордаларына тұрақты түрде әдістемелік қолдау көрсетіліп тұрады.

Мұғалімдерге көрсетілген әдістемелік қолдаулардың нәтижесінде білім алушылардың жетістігі артып отыр.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған 9-11 сыныптар арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 9 оқушы қатысып, оның ішінде 5 оқушы орындарға ие болды.

Республикалық «Зерде» конкурсының аудандық кезеңінде білім беру ұйымдарынан 2-7 сыныптан 9 оқушы қатысып, 6 оқушы жүлдемен оралды.

Республикалық «Зерде» конкурсының облыстық кезеңінде білім беру ұйымдарынан 4 б сынып оқушысы Ауесхан Салтанат жүделі I орын алып, облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық "Зерде" конкурсынан II орын алды 4 б сынып оқушысы Марат Раяна математикадан аудандық кезеңнен I орын алды. Облыстық "Зерде" ғылыми жоба конкурсынан III орын алды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Г.Малмахова. "Зерде" ғылыми жоба конкурсынан Ағылшын тілі пәнінен 5 А сынып оқушылары Бақытбек Абылай және Ендібай Нурислам I орын алды. Облыстық кезеңнен Бақытбек Абылай Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Мусабаева Лилия.

Физика пәнінен 7 А сынып оқушысы Бекжанқызы Мерей "Зерде" ғылыми жоба конкурсының аудандық кезеңінен ІІ орын алды. Жетекшісі физика пәні мұғалімі Г.Кученова.

География пәнінен Ұлттық олимпиададан 7 Ә сынып оқушысы Түрспек Әлихан аудандық кезеңнен ІІ орын алды. 7 Б сынып оқушысы Шерикбаева Гауһар аудандық кезеңнен ІІІ орын алды. Жетекшісі география пәні мұғалімі Ф.Маханбетова. 8 Б сынып оқушысы география пәнінен Ұлттық олимпиаданың аудандық кезеңінен ІІІ иегері атанды. Жетекшісі география пәні мұғалімі Н.Сотиболдиев.

"Алтын сақа" математика пәнінен аудандық кезеңнен 4 Б сынып оқушысы Әуесхан Салтанат І орын алып, облыстық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Г.Малмахова. 3 Ә сынып оқушысы аудандық кезеңнен ІІІ орын алды. Жетекшісі Р.Унгалбаева.

"Алтын сақа" 5-6 сыныптар арасында өткен математика пәні олимпиадасының аудандық кезеңінен 5 А сынып оқушылары Ерғали Асылзат ІІ орын, Бақытбек Абылай ІІІ орын иегері атанды. Жетекшісі математика-информатика пәні мұғалімі Р.Айхожаева. 6 Ә сынып оқушысы Жақсыбекова Улбике ІІ орын алды. Жетекшісі математика пәні мұғалімі Ж.Авелова.

Педагогикалық идеялар жобасынан бастауыш сынып мұғалімі Л.Байтукова аудандық кезеңнен ІІІ орын алды. География пәні мұғалімі Ф.Маханбетова аудандық кезеңнен ІІІ орын иегері атанды.

Мұғалім біліктілігі артқан сайын, шәкірттер жетістігі де көбеюде. Дарынды оқушыларымыз «Абайтану», «Мәшһүр Жүсіп оқулары», «М.Мақатаев оқулары» «Ілияс оқулары» «Әбіш оқулары», «Мағжан оқулары», «Жарқын болашақ», ProEco, «Ясауитану», «Менің кіші Отаным», «Жыр алыбы – Жамбыл» сияқты байқаулардың аудандық кезеңдеріне қатысты.

Биылғы оқу жылында мектеп бойынша жалпы орта мектепті 68 түлек бітіреді. Оның 30-ы (95%) ҰБТ-ға қатысады.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану құқықтарын жүзеге асыру мақсатында мектепте 5 спорттық, 1 қолөнер, 1 ән-би, 8 пәндік үйірмелер жұмыс істеуде.

Мектепте аудандық ішкі істер бөлімі мен аудандық прокуратурамен бірге ағымдағы жылы тұрақты түрде түнгі рейдтік іс-шара ұйымдастырылды.

Мектепте қоғамдық кеңес, ата-аналар кеңестері белсенді жұмыс жасайды. Мектебімізде ата-аналар комитеті құрылып, жұмыс жоспары бекітілді.

2023-2024 оқу жылының бастамасы «Мектепке жол акциясы» жобасымен басталды. Ауылдың азаматтары, кәсіпкер демеушілер оқу жылының басында 32 баланы оқу құрал саймандарымен толықтай қамтамасыз етті.

2-23-2024 оқу жылын 11-сыныптан 60 оқшы көк аттестатпен, 6 оқушы «Ерекше аттестатпен» 1 оқушы «Алтын белгігіге аяқтады.

Оқу ісі орынбасары:

А.Адеева